

Бәйдібек ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 26/156 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 5 қаңтарда № 6651-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына және "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 184104 тіркелген), Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйдібек ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарында туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

И. Туймебаев